

«ОнлайнҚазФинанс» МҚҰ» АҚ-тың облигациялары

Необанк ШОБ және жеке тұлғалар үшін KASE-де 1 жылдық доллардағы облигацияларды орналастырады

Облигациялар шығарылымының параметрлері

| | |
|----------------------------|------------------|
| Орналастыру көлемі | 20 000 000 USD |
| Тикер | MFOKb9 |
| Өтеу күні | 2024 ж 17 наурыз |
| Шығарылым валютасы | USD |
| Қамтамасыз ету | Жоқ |
| Ном. құны | 100 USD |
| Өтеуге кірістілік | жылдық 10% |
| Купонның мөлшерлемесі | жылдық 10% |
| Купонның кезеңділігі | Тоқсан сайын |
| Орналастыру күні | 2023 ж 17 наурыз |
| Биржа | KASE |
| Компанияның рейтингі (S&P) | «B-/B», Тұрақты |



KASE-де корпоративтік сектордың ішінде ең белсенді эмитент 2023 жылы банкке өзгеруді жоспарлауда

■ «ОнлайнҚазФинанс» МҚҰ» АҚ соңғы үш жыл бойы KASE-де және АИХ-де кірістілігі жоғары облигацияларды белсенді орналастырып, табысты жария кредиттік тарихты құруда. Компанияның айналысында 24 млрд теңге сомасында облигациялардың төрт теңгедегі шығарылымы және 30 млн USD сомасында үш доллардағы шығарылымы бар.

■ 2022 жылы Компания облигациялардың екі шығарылымын табысты әрі уақтылы өтеді - 4 млрд теңге және 7 млн USD. 2023 жылы Компанияның алдында кесте бойынша жалпы сомасы ~20 млрд теңгеге облигациялардың 5 шығарылымын өтеу міндеті тұр.

■ Компания банкке өзгеру процесінде және 2023 жылғы екінші - үшінші тоқсанда лицензия алуды күтуде (барлық қажетті құжаттар 2022 жылдың соңында берілді).

■ Компания акционерлік қоғамға өзгеру барысында акционерлерден жарғылық капиталға 12,3 млрд сомасына қарыздарды айырбастады, сол арқылы борыш жүктемесін едәуір азайтты.

■ Банк лицензиясы неғұрлым арзан қорландыруға депозиттерді тарту арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ корпоративтік басқару деңгейін арттырады (неғұрлым қатаң реттеу және есеп беруге міндеттілік, директорлар кеңесін қалыптастыру және т.б.), бұл Компанияның кредитке қабілеттілігін және инвестициялық тартымдылығын сөзсіз арттырады.

Жалақыға дейін қарыздар бойынша мөлшерлемені заңнамалық тұрғыдан әлеуетті азайту Компанияның кірістеріне теріс әсер етпейді

■ Компанияның 100% кредит портфелі ШОБ-қа және жеке тұлғаларға берілген ұзақ мерзімді қарыздардан тұрады және жалақыға дейін қысқа мерзімді қарыздарды қамтымайды.

■ Осылайша, 2023 жылы жеке тұлғалар үшін жалақыға дейін қарыздар бойынша мөлшерлемені жылдық 25%-дан 20%-ға дейін заңнамалық тұрғыдан жоспарлы түрде азайту Компанияның кірістілігі мен кредитке қабілеттілігіне ешқандай әсер етпейді.


ОнлайнҚазФинанс Қазақстандағы онлайн МҚҰ-лардың арасында көшбасшы орнын сақтап келеді және өзгеріп жатқан операциялық және реттеуші ортаға қарамастан, кірістіліктің орнықты көрсеткіштерін және кредит портфелінің сапасын көрсетуді жалғастырады

■ Компания онлайн-МҚҰ-лардың арасында 1-орынға және кредит портфелінің көлемі жағынан МҚҰ-ның барлық секторы бойынша 4-орынға жайғасты (01.10.2022 ж. жағдай бойынша микрокредиттердің жалпы көлемінен 8%), ол жылдам қарқынмен өсуін жалғастыруда (2022 жылғы 9 ай ішінде 7 млрд теңге немесе 11,5%-ға).

■ Өсудің жылдам қарқындылығына қарамастан, кредит портфелінің сапасы тұрақты түрде жоғары деңгейін сақтап келеді. Мерзімі 90 күннен асқан кредиттердің үлесі 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 5,1%-ды құрайды және мұндай кредиттер 122%-ға резервтермен өтелген.

■ Компания екі ірі қазақстандық коммерциялық банкте қаржыландыруды жалғастыруда және 2022 жылдың соңында шетелдік даму қорларынан қаржыландыруды тарта бастады, бұл ірі институционалдық инвесторлардың Компаниямен ынтымақтастығына сенімі мен ниетін білдіреді.


Кредит портфелі және NPL 90+ (млрд. теңге)



Пайыздық кірістер және пайда (млрд. теңге)



Пайыздық активтердің кірістілігі және қорландыру құны



Компанияның қаржылық көрсеткіштері

| ПжЗЕ (млн теңге) | 2019 | 2020 | 2021 | 9М 2022 |
|--|--------------|---------------|---------------|---------------|
| Пайыздық кірістер | 5 532 | 16 373 | 20 569 | 21 705 |
| Пайыздық шығыстар | (1 549) | (4 349) | (7 642) | (7 201) |
| Таза пайыздық кіріс | 3 983 | 12 024 | 12 927 | 14 504 |
| Операциялық емес шығыстар мен кірістер | (12) | (55) | (87) | (903) |
| Операциялық шығыстар | (361) | (1 930) | (1 777) | (2 607) |
| Жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар | (201) | (1 262) | (2 118) | (2 052) |
| Бағамдық айырма, нетто | (227) | 337 | 285 | 503 |
| Кредиттік зиянға берілген резервтер | (1 742) | (5 508) | (3 991) | (5 617) |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | 1 440 | 3 606 | 5 240 | 3 828 |
| Пайда салығы | (331) | (765) | (790) | (516) |
| Пайда/(зиян) | 1 109 | 2 842 | 4 449 | 3 312 |

| Баланс (млн теңге) | 2019 | 2020 | 2021 | 9М 2022 |
|---|---------------|---------------|---------------|---------------|
| Ақша қаражаты және оның баламасы | 1 563 | 2 116 | 2 671 | 878 |
| Кредит портфелі (нетто) | 17 244 | 34 718 | 61 237 | 67 684 |
| Бағамдық айырманы хеджирлеу құралдары | | 1 949 | - | - |
| Портфельдерді сатудан болған дебиторлық берешек | | 3 097 | 679 | 195 |
| Басқа да активтер | 940 | 1 544 | 2 075 | 7 052 |
| Активтердің жиыны | 19 153 | 43 425 | 66 663 | 75 808 |
| Қарыздар | 13 565 | 30 991 | 51 463 | 56 146 |
| Басқа да міндеттемелер | 1 904 | 1 611 | 1 523 | 1 961 |
| Міндеттемелердің жиыны | 14 329 | 32 602 | 52 986 | 58 106 |
| Жарғылық капитал | 1 120 | 1 120 | 1 120 | 1 120 |
| Бөлінбеген пайда | 716 | 3 196 | 6 124 | 7 929 |
| Реттелген қарыздар | 2 988 | 6 507 | 6 433 | 8 653 |
| Меншікті капиталдың жиыны | 4 824 | 10 823 | 13 677 | 17 702 |

| Көэффициенттер | 2019 | 2020 | 2021 | 9М 2022 |
|--|------|------|------|---------|
| Пайыздық міндеттемелер / Меншікті капитал | 2,8 | 2,9 | 3,8 | 3,2 |
| Кредит портфелі (нетто) / Активтер | 90% | 80% | 92% | 89% |
| Пайыздық міндеттемелер / Активтер | 71% | 71% | 77% | 74% |
| Меншікті капитал / Активтер | 25% | 25% | 21% | 23% |
| Пайыздық активтер бойынша кірістілік | 40% | 53% | 38% | 41%* |
| Қорландыру құны | 14% | 16% | 21% | 16%* |
| Спрэд | 26% | 37% | 18% | 25%* |
| Мерзімі >90 күннен асқан кредиттер | 9,0% | 6,8% | 5,1% | 5,1% |
| Кредиттік зиянға берілген резервтер | 11% | 8,8% | 4,8% | 6,2% |
| Тәуекел құны | 14% | 19% | 9,5% | 11,0%* |
| Операциялық шығыстар/ Операциялық кірістер | 11% | 22% | 21% | 24% |
| Активтердің табыстылығы (ROA) | 8,9% | 9,1% | 10% | 6,2%* |
| Капиталдың табыстылығы (ROE) | 43% | 36% | 36% | 28%* |

Дереккөз: Компанияның деректері, Фридом Финанстың есептері *бір жылға келтірілген